



**ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР  
ЛИДЕРЛЕРІНІҢ СЪЕЗІ:  
ТАРИХ, ШЕЖІРЕ**

АСТАНА, 2023



Съездің өткізілуі – еліміз бен бүкіл әлемде диалог пен ынтымақтастықты нығайтуды көздейтін Қазақстан саясатының маңызды бағыты. Бұған дейінгі форумдарда қабылданған декларацияларда қандай идеялардың атын жамылғанына қарамастан радикализм, зорлық-зомбылық пен қақтығыстар әрдайым сынға алынды. Қазіргі күрделі жағдайда діни көшбасшылардың бір үстел басына отырып, кез келген қайшылықты еңсеретін ізгі амалдың үлгісін күллі әлемге көрсетуі аса маңызды. Менің ойымша, біздің съездің басты миссиясы мен ерекшелігі осында.

***Қазақстан Республикасының Президенті  
Қасым-Жомарт Тоқаевтың Әлемдік және дәстүрлі діндер  
лидерлерінің VII съезінде сөйлеген сөзінен,  
2022 жылғы 14 қыркүйек.***

# ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ СЪЕЗІ

---

## СЪЕЗДІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі алғаш рет 2003 жылғы 23-24 қыркүйекте Қазақстанның бастамасымен өткізілген болатын.

Қазақстан Президентінің Ватиканға сапарында алғашқылардың бірі болып Съезд идеясына католик шіркеуінің өкілдері қолдау көрсетті.

## СЪЕЗД МАҚСАТТАРЫ:

- әлемдік және дәстүрлі діндер құрылымдарынан жалпыадамзаттық бағдарларды іздеу;
- діндер диалогын жүзеге асыру және келісілген шешімдерді қабылдау үшін халықаралық конфессияаралық институттың ұдайы жұмыс істеуі;

## СЪЕЗДІҢ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАРЫ:

- бейбітшілікті, келісім және төзімділікті адам өмір өмірінің қайтпас қағидаттары ретінде бекіту;
- діндер, конфессиялар, ұлттар мен этностар арасында өзара құрмет пен төзімділікке қол жеткізу;
- адамдардың діни сезімдерін қақтығыстар мен әскери әрекеттерді өршіту мақсатында пайдалануға қарсы тұру.

## СЪЕЗДІҢ МІНДЕТТЕРІ:

- дінаралық және конфессияаралық дәстүрлерді дінаралық съездер түрінде нығайту;
- келешек съездердің келісілген, жан-жақты және құзіретті идеологиясы мен тұжырымдамасын дайындау үшін Съездің ұдайы қызмет ететін органын құру;
- діндер, мәдениеттер мен өркениеттер арасындағы диалогты ілгерілетуді бағытталған барлық халықаралық ұйымдар мен құрылымдармен ынтымақтастық пен өзара әрекеттестік ету;
- зайырлы және діни БАҚ, жастар бірлестіктері, ғылыми және шығармашылық зиялы қауым өкілдерін тарта отырып, әртүрлі мәдениеттер мен діндер өкілдерінің диалогын кеңейту;
- діни бірлестіктер арасындағы өзара түсіністік пен сыйластықты тереңдету мен бекіту;
- өшпенділік пен экстремизм идеологиясына қарсы толеранттылық пен өзара сыйластық мәдениетін дамыту;
- діндерді қарсы қоюда және теалогиялық пікір-таластарды әрі

қарай саясаттандыруда, сондай ақ бір дін тарапынан екінші діннің беделін түсіруге талпыныста көрініс табатын «өркениеттер қақтығысы» тезисінің басым болуына жол бермеу;

- өркениеттер, мәдениеттер мен діндер арасындағы жаһандық диалогты ілгерілету.

## **СЪЕЗ ХРОНОЛОГИЯСЫ**

Астанада 2003, 2006, 2009, 2012, 2015, 2018 2022 жылдары өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің жеті съезіне ислам, христиандық, иудаизм, буддизм, синтоизм, даосизм, зороастризм, жайнизм және басқа да дәстүрлі діндердің діни лидерлері қатысты.

Съездің диалогтық алаңдарында нәтижесінде дінаралық саммиттің бірлескен қорытынды құжаттары – әлем елдері азаматтары, халықтары мен үкіметтеріне бағытталған Декларациялар мен Үндеулер қабылданған діни қауымдастықтың рухани жақындасуы бойынша мазмұнды және сындарлы сұхбаттар өткізіліп тұрады.

### **2003 жылғы 23-24 қыркүйекте Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің бірінші съезі өтті.**

Форум жұмысына Еуропаның, Азияның, Африканың және Таяу Шығыстың 17 елінен келген діни лидерлер мен құрметті қонақтар қатысты.

Бірінші Съезд барысында қатысушылар тұрақты негізде дінаралық саммит өткізу және жұмыс органын – Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің Хатшылығын құру туралы шешім қабылдады.

Дінаралық саммит жұмысының қорытындысы бойынша қорытынды құжат – Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің бірінші съезіне қатысушылардың Декларациясы қабылданды.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің бірінші съезі аяқталғаннан кейін «Бәйтерек» монументінің жанында дінаралық саммиттің барлық делегациялар мен қонақтарының қатысуымен жалпы дұға оқу рәсімі өтті.

### **2006 жылғы 12-13 қыркүйекте Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің екінші съезі өтті.**

Съезд форум өткізу үшін арнайы салынған жаңа ғимарат – Бейбітшілік және келісім сарайында өтті.

Дінаралық саммит жұмысына 43 делегация – әлемдік және дәстүрлі діндердің өкілдері және Еуропа, Америка, Азия және Африканың 25 елінен келген құрметті қонақтар қатысты.

Екінші Съездің басты тақырыбы: **«Дін, қоғам және халықаралық қауіпсіздік».**

Екінші Съездің секциялық отырыстарының тақырыбы: 1-секция. «Сенім бостандығы және өзге дін өкілдеріне құрмет»; 2-секция. «Халықаралық қауіпсіздікті нығайтудағы діни лидерлердің рөлі».

Астана дінаралық саммитінің бірінші күні «Дінаралық диалог қағидаттары» атты құжат қабылданды. Съезд қорытындысы бойынша қорытынды құжат – «Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің екінші съезіне қатысушылардың Декларациясы» қабылданды.

### **2009 жылдың 1-2 шілдесінде Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің үшінші съезі өтті.**

Съезд жұмысына әлемнің барлық негізгі діндерін ұсынған 36 елден 77 делегация қатысты.

Үшінші Съездің басты тақырыбы – «Діни лидерлердің төзімділікке, өзара сыйластық пен ынтымақтастыққа негізделген бейбітшілікті құрудағы рөлі».

Үшінші Съездің секциялық отырыстарының тақырыптары: 1-секция. «Адамгершілік және рухани құндылықтар, әлемдік этика»; 2-секция. «Диалог және ынтымақтастық»; 3-секция. «Әсіресе дағдарыс кезеңінде ынтымақтастық».

2008 жылғы 13 қарашада қабылданған БҰҰ Бас Ассамблеясының Қарарына сәйкес, Съезд БҰҰ жүйесінің қатысуымен және техникалық жәрдемдесуімен өтті.

Осылайша, Астана дінаралық саммиті халықаралық қоғамдастық тарапынан мойындалды. Съезд қорытындысы бойынша Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің үшінші съезіне қатысушылардың Үндеуі қабылданды.

### **2012 жылғы 30-31 мамырда Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің төртінші съезі өтті.**

Съезд жұмысына барлық әлемдік және дәстүрлі діндерді, сондай-ақ беделді діни және халықаралық ұйымдарды ұсынған әлемнің 40 елінен 85 делегация қатысты.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің төртінші съезінің басты тақырыбы – «Бейбітшілік пен келісім – адамзаттың таңдауы».

Дінаралық саммит аясында Діни лидерлер кеңесінің бірінші отырысы өтті. 2011 жылғы маусымда Астанада өткен Съездің Х Хатшылығында бекітілген «Діни лидерлер кеңесінің Тұжырымдамасы» қабылданды. Дінаралық саммит жұмысының қорытындысы бойынша қорытынды құжат – Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің төртінші съезіне қатысушылардың Үндеуі қабылданды.

Съезге қатысушылар дінаралық саммит аясында жоспарланған іс-шараларға белсенді қатысты.

Діни лидерлер кеңесінің мүшелері мен Съезге қатысушылар «Рухани жарасым» аллеясын салуға қатысты.

1932-33 жылдардағы ашаршылық құрбандарын еске алуға арналған «Ашаршылық құрбандарына ескерткіш» монументінің ашылуына қатысты.

«АЛЖИР» мұражай-мемориалдық кешеніне барды, онда Съезге қатысушылардың барлығының бірлескен дұғасы өтті.

## **2015 жылғы 10-11 маусымда Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің бесінші съезі өтті.**

Съезд жұмысына барлық әлемдік және дәстүрлі діндерді, сондай-ақ беделді діни лидерлерді, саяси қайраткерлерді және халықаралық ұйымдарды ұсынған әлемнің 42 елінен 80-нен астам делегация қатысты.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің бесінші съезінің басты және негізгі тақырыбы ретінде «Діни лидерлер мен саяси қайраткерлердің бейбітшілік пен даму жолындағы диалогы» анықталды.

V Съез аясында төрт секциялық отырыстар өткізілді. Бесінші Съездің секциялық отырыстарының тақырыбы: 1-секция. «Діни және саяси лидерлер: адамзат алдындағы жауапкершілік»; 2-секция. «Діннің жастарға әсері: білім, ғылым, мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдары»; 3-секция. «Дін және саясат: жаңа ағымдар мен перспективалар»; 4-секция. «Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері арасындағы бейбітшілік, қауіпсіздік және үйлесімділік жолындағы өзара құрмет пен түсіністікке негізделген диалог».

Астана дінаралық саммиті аясында Съездің Діни лидерлер кеңесінің екінші отырысы өтті.

Съезд платформасына алғаш рет ірі әлемдік саяси көшбасшылар мен беделді қоғам қайраткерлері қатысты.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің бесінші съезінің пленарлық отырысының жабылуында:

- Астана қаласында Бейбітшілік және келісім сарайында Бейбітшілік және келісім мұражайын құру,
- «Дінаралық диалогқа қосқан үлесі үшін Астана халықаралық сыйлығын» құру,
- «Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің құрмет медалін» құру бастамалары ұсынылды.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің дәстүріне сәйкес, дінаралық саммит тарихында бұрын-соңды болмаған маңыздылығы мен өзектілігі бойынша болашақ қауіпсіз әлем іргетасының негізін қалаған қорытынды құжат – «Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің бесінші съезіне қатысушылардың Астана декларациясы» қабылданды.

## **2018 жылғы 10-11 қазанда Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің алтыншы съезі өтті.**

Съезд жұмысына әлемнің 43 елінен 82 делегация қатысты, оның ішінде: Австрия, Әзірбайжан, Армения, Бразилия, Ватикан, Ұлыбритания, Грузия, Египет, Израиль, Үндістан, Индонезия, Иордания, Иран, Италия, Катар, Қытай, Қырғызстан, Малайзия, Моңғолия, Марокко, Нидерланды, Норвегия, Біріккен Араб Әмірліктері, Пәкістан, Ресей, Сауд Арабиясы Корольдігі, Мальта, Америка Құрама Штаттары, Тәжікстан, Тайланд, Түркия, Өзбекстан, Финляндия, Франция, Хорватия, Швейцария, Оңтүстік Африка Республикасы, Оңтүстік Корея, Жапония.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің алтыншы съезінің жұмысына алғаш рет Вьетнам, Германия, Сербия, Сингапур, Өзбекстан сияқты Астана дінаралық саммитінің серіктес елдерінен делегациялар қатысты.

Алтыншы Съездің басты тақырыбы – «Діни лидерлер қауіпсіз әлем үшін».

VI Съезд аясында төрт секциялық отырыстар өткізілді. Алтыншы Съездің секциялық отырыстарының тақырыбы: 1-секция. «Манифест. «Әлем. XXI ғасыр» жаһандық қауіпсіздік тұжырымдамасы ретінде»; 2-секция. «Өзгеріп жатқан геосаясаттағы діндер: адамзатты нығайтудың жаңа мүмкіндіктері»; 3-секция. «Дін және жаһандану: қиындықтар мен жауаптар»; 4-секция. «Діни лидерлері мен саяси қайраткерлер экстремизм мен терроризмді еңсеруде».

Дәстүр бойынша, алтыншы Съездің бағдарламасына сәйкес, 10 қазанда саммиттің жалпы отырысы қарсаңында Діни лидерлер кеңесінің үшінші отырысы өтті.

11 қазанда саммит делегаттары мен құрметті қонақтары «Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің алтыншы съезіне қатысушылардың Астана декларациясы» атты қорытынды құжатты салтанатты түрде қабылдады.

## **2022 жылғы 14-15 қыркүйекте Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің жетінші съезі өтті.**

Съезд жұмысына әлемнің 50 мемлекетінен 100-ден астам делегация қатысты, оның ішінде: Египет, Әзірбайжан, Ресей, Сауд Арабиясы Корольдігі, Өзбекстан, Тәжікстан, Оман, Түрікменстан, Финляндия, Иран, Ватикан, Израиль, Грузия, Ұлыбритания, Швейцария, Беларусь, Америка Құрама Штаттары, Германия, Кения, Венгрия, Польша, Үндістан, Жапония, Қытай, Моңғолия, Оңтүстік Корея, Вьетнам, Марокко, Нидерланды, Бахрейн, Түркия, Біріккен Араб Әмірліктері, Хорватия, Италия, Катар, Иордания, Пәкістан, Бразилия, Индонезия, Болгария, Малайзия, Франция, Қазақстан Республикасы және басқалар.

Жетінші Съездің басты тақырыбы – «Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің пандемиядан кейінгі кезеңдегі адамзаттың рухани және әлеуметтік дамуындағы рөлі».

Съездің секциялық отырыстарының тақырыбы: 1-секция. «Діндердің қазіргі әлемдегі рухани және моральдық құндылықтарды нығайтудағы рөлі»; 2-секция. «Білім мен діни ағартудың діндер мен мәдениеттердің сыйластықта қатар өмір сүру және бейбітшілік пен келісімді нығайтудағы рөлі»; 3-секция. «Діни лидерлер мен мемлекет қайраткерлерінің жаһандық дінаралық диалог пен бейбітшілікті ілгерілетуге, экстремизмге, радикализмге және терроризмге қарсы іс-қимылға қосқан үлесі»; 4-секция. «Әйелдердің қазіргі қоғамның әлауқаты мен тұрақты дамуына қосқан үлесі және әйелдердің әлеуметтік мәртебесін қолдаудағы діни қауымдастықтардың рөлі».

Қалыптасқан дәстүр бойынша Съездің жалпы отырысы аясында «Дінаралық диалогқа қосқан үлесі үшін Астана халықаралық сыйлығымен» марапаттау рәсімі өтті.

VII Съезд аясында келесі іс-шаралар өтті:

- Рим Папасы Францисктің қатысуымен 7000-ға жуық адам қатысқан діни месса;
- ҚМДБ жанындағы Бас Республикалық мешітте Әл-Азхардың Жоғарғы имамы Шейх Ахмад Ат-Тайебтің уағызы, оған 20 мыңнан астам адам келді;
- діни лидерлер Қазақстандағы түрлі конфессиялар мен ұлттар арасындағы ынтымақтастықты, достық пен бірлікті бейнелейтін Бейбітшілік пен келісім табиғи-рекреациялық паркінің ашылуына қатысуы.

Жетінші Съездің басты бастамасы «Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезін дамытудың 2023-2033 жылдарға арналған тұжырымдамасы» атты іргелі құжатты әзірлеу болды.

Съезд жұмысы аяқталғаннан кейін Астана дінаралық саммитінің қорытынды құжаты – VII Съездің Декларациясы қабылданды, оның идеологемасы мен мазмұны қазіргі заманның өзекті мәселелерін, оларды шешудің мүмкін жолдарын, сондай-ақ әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің ниеттерін, олардың халықаралық қоғамдастыққа үндеуін көрсетеді.

## СЪЕЗД ИНСТИТУТТАРЫ

### Съезд Хатшылығы

Бұл дінаралық саммит органы 2003 жылғы 23-24 қыркүйекте Астанада өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің бірінші съезінің шешіміне сәйкес құрылды.

Съезд Хатшылығының басшысы – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаев.

Хатшылыққа әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің өкілетті өкілдері кіреді.

2003-2022 жылдар аралығында Съезд Хатшылығының 20 отырысы өткізілді.

Съезд Хатшылығының 21-ші отырысы 2023 жылғы 11 қазанда өтеді.

Съезд Хатшылығы шеңберінде Хатшылықтың Жұмыс тобы белсенді жұмыс істейді.

*Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі туралы қосымша ақпарат төмендегі сайтта орналастырылған:*

<https://religions-congress.org/ru>